


Кедентранссервис» АҚ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



2015



A large red freight train car is the central focus, positioned on a set of railway tracks. In the background, a black crane is visible, and further back, a stack of shipping containers can be seen. The sky is blue with scattered white clouds. A blue diamond-shaped graphic with a white border is overlaid on the right side of the image, containing text in Kazakh and the name N. A. Nazarbayev.

*Қазақстан өзінің тарихи рөлін
қайта жаңғыртып, Орталық
Азия өңірінің ең ірі іскерлік және
транзиттік хабына, Еуропа мен
Азия арасындағы өзіндік көпірге
айналуы тиіс.*

Н.Ә. Назарбаев

The image is a cover for a report. It features a photograph of a train with shipping containers in the background. The photograph is partially obscured by a large, orange diamond shape in the center. The text 'ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП' is written in white inside the diamond. The background is a gradient of blue and white.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Компаниямыз үшін маңызды және оқиғаларға бай болған 2015 жылғы біздің есеп беттеріне қош келдіңіз. Жұмыс қорытындысы бойынша 2015 жылы «Кедентранссервис» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) көлік қызметтерін көрсету саласында табысты компания деп танылды, бұған «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің қолдауымен Қазақстан Республикасы Ұлттық экспедиторлар қауымдастығының «Көлік қызметтері» аталымы бойынша марапаты куә болады. Жыл сайын көліктік-логистикалық қызметтер нарығының барлық басты ойыншыларын жинайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық экспедиторлар қауымдастығының конференциясында компания өкілдеріне диплом және медаль түріндегі марапат табысталды.

«Кедентранссервис» АҚ басшылығына «Көлік қызметтері» аталымындағы марапаттан басқа, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Мінсіз еңбегі және Қазақстан Республикасының дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесі үшін» құрмет грамотасы берілді.

National Business іскерлік талдаушылық журналының редакциясымен жүргізілген тәуелсіз талдаудың нәтижелері бойынша «Кедентранссервис» АҚ Президенті Э. Ысқақов ең тиімді 10 басшының рейтингіне кірді (7-ші орын).

«Кедентранссервис» акционерлік қоғамының 2015 жылғы есебі (2015 жылғы 1- қаңтардан 31-желтоқсанға дейін) «Кедентранссервис» АҚ, сондай-ақ еншілес және тәуелді компаниялар қызметінің нәтижелерін қамтиды.

2015 жылғы жылдық есепте ұсынылған деректер ішкі аудиттен өтіп, Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетімен және аудит жөніндегі Комитетпен қаралған. (комитетте қарастырылған).



МАЗМҰНЫ

«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 6

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 8

1.1. Жалпы мәліметтер	9
1.2. Миссиясы. Міндеттері	9
1.3. Компанияның ұйымдық құрылымы	10
1.4. Еншілес және тәуелді ұйымдар	11
1.5. Филиалдар мен өкілдіктер. Қызмет етуінің географиясы	12

2. КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ 14

2.1. Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер	15
2.2. «Кедентранссервис» АҚ қызметінің мақсатты бағыттары	16

3. НАРЫҚҚА ШОЛУ. ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ 18

3.1. Контейнерлік тасымалдаудың әлемдік нарығы	19
3.2. Темір жол тасымалының Қазақстандық нарығы және Компанияның нарықтағы жағдайы	19
3.2.1. Контейнерлік тасымалдау	19
3.2.2. Шекарамен шектес станцияларда жүкті қайта тиеу нарығы	21
3.2.3. Қазақстан жүктерді терминалдық өңдеу нарығы	23
3.2.4. Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету нарығы	25
3.2.5. Жылжымалы құрамен жұмыс жасай	27
3.3. 2015 жылдың 12 айындағы ТЭН-нің негізгі бәсекелестері, ЖФБ	27
3.4. 2014-2015 жылдардағы 12 айдағы «Кедентрассервис» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері бойынша нарықтық үлесі	28

4. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР 30

4.1. Негізгі қаржылық нәтижелер	31
4.2. Жалпы ақшалай түсім	31
4.3. Тазартылған ақшалай түсім	31
4.4. Тазартылған шығындар	32
4.5. Таза пайда. EBITDA	33
4.6. Инвестициялық қызмет	34

5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 36

5.1. Акционерлік капиталдың құрылымы	37
5.2. Дивидендтер	38
5.3. Акционерлердің жалпы жиналысы	38
5.4. Директорлар кеңесі	39
5.4.1. Директорлар кеңесінің құрылымы	42
5.4.2. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	44
5.4.3. Аудит жөніндегі комитет	45
5.4.4. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	47
5.5. Басқарма	48
5.6. Ішкі бақылау жүйесі	49
5.7. Тәуекелдерді басқару	49
5.8. Мүдделілігі бар мәмілелер	50
5.9. Мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясат	51

6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК 52

6.1. Кадр саясаты	54
6.2. Үдерістік басқару	55
6.3. Еңбекақы төлеу және уәждеу жүйесі	55
6.3.1. Грейдтер жүйесі	55
6.3.2. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері жүйесі	56
6.3.3. Филиалдар қызметінің тиімділігін рейтингтік бағалау	56
6.4. Демеушілік және қайырымдылық	56
6.5. Еңбек қауіпсіздігі	56
6.6. Қоршаған ортаны қорғау	58
6.7. Экологиялық талаптарды сақтау	59

7. ҚОСЫМШАЛАР 60

Тәуелсіз аудитордың есебі	63
Шоғырландырылған қаржы есептемесі	65

ГЛОССАРИЙ 70

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ 72



«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР, АКЦИОНЕРЛЕР!



«Кедентранссервис» АҚ биылғы жылы «Кедентранссервис» АҚ базасында Қазақстан Республикасында кешенді логистиканы дамыту бойынша бірқатар іс-шараларды іске асыруды, оның ішінде әмбебап көліктік-логистикалық компанияны құруды көздейтін «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ мен «ТрансКонтейнер» ЖАҚ (бұдан әрі – Келісім) арасында жасалған 2011 жылғы 17 наурыздағы №80 Келісім шеңберіндегі бес жылдық тиімді әріптестіктің қорытындысын тойлауда.

«Кедентранссервис» АҚ базасында жобаны іске асыру басталғанға дейін 1520 кеңістігінде «Қытай – Еуропа – Қытай» бағыты бойынша кешенді логистиканы қамтамасыз ету үшін жет-

кілікті ресурстар мен қуаттылықтарды иемденетін мұндай құрылым болған жоқ.

Отандық терминал операторының 67% акцияларын «ТрансКонтейнер» ЖАҚ компаниясы сатып алған сәтте «Кедентранссервис» АҚ терминалдық бизнесте айтарлықтай құзыретке ие болды, бірақ ол үшін кешенді логистика қызметін көрсету үшін бірінші кезектегі міндеттер мыналар болатын: кешенді логистиканың заманауи технологияларын алу және компанияның ықпалдандырылған сервисін құру, ал бұл – әрине, бірталай жұмыстарды жүргізуді талап етті.

Технологияларды табыстау – корпоративтік даму, экономика және қаржы, өндірістік қызмет, маркетинг, клиенттік сервис және тарифтер бойынша жұмыс топтары шеңберінде «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ, «ТрансКонтейнер» ЖАҚ және «Кедентранссервис» АҚ бизнесін біріктіру жөніндегі іс-шаралардың жоспар-кестесін іске асыру және жобалық кеңселерді құру жолымен жүргізілді. Осы бағыттағы белсенді жұмыс Компанияны басқару мен қызмет көрсетудің жүйеленген қағидалары және тәсілдемелерін құруға мүмкіндік берді.

Қазақстанның және Ресейдің контейнерлік нарыққа қатысушыларының бірігуін ескере отырып, келесі қадам – бірыңғай ақпараттық есептеу жүйесін енгізу болды, ол – «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ және «ТрансКонтейнер» ЖАҚ ақпараттық жүйелерімен ықпалдандырылған «ИРС- Перевозки» болды. Айта кетерлік жайт, «ИРС- Перевозки» базасында бүгінде кешенді көліктік-экспедиторлық қызмет көрсетуді сатудың және жылжымалы құраммен жұмыс жасаудың бизнес-үдерістері автоматтандырылған, вагон парктерін, жылжымалы құрамды пайдалану мен жөндеуді басқару жүзеге асырылады.

«Кедентранссервис» АҚ базасында екі акционердің бірігуі – Компанияның біршама нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Бірінші кезекте, ірі тоннажды контейнерлерді тасымалдау үшін жылжымалы құрамды пайдалану; вагондар операторы қызметтерін ұсыну; жүктерді шоғырландыру; вагондарда және контейнерлерде жүктерді жөнелту секілді жаңа қызмет түрлері дами түсті.

Сонымен қатар, бірігу – жүк тиеу-түсіру жұмыстары; автоқызметтер; Компанияның меншікті терминалдарында жүктерді және контейнерлерді қоймада сақтау қызметтері секілді қызметтердің толық жиынын ұсынуға мүмкіндік берді.

«Кедентранссервис» АҚ акционерлерінің құрамына «ТрансКонтейнер» ЖАҚ-ның кіруі – Компанияның технологияларға және «РЖД» ААҚ клиенттері базасына қол жеткізуіне, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия аумағында «ТрансКонтейнер» ЖАҚ-ның барлық тасымалдарын Компанияның сервисіне табыстауға жол ашты. Тиісінше, бизнес-үдерістердің және кешенді көліктік-логистикалық қызметтер көрсетудің регламенттері табысталды. Компанияның бизнес географиясын кеңейту аясында ҚХР-да (Үрімші қ.) және Өзбекстанда (Ташкент қ.) өкілдіктер ашылды.

Келісім шеңберіндегі бес жылдық тиімді әріптестікті қорытындылай келе, нәтижелер сенімді және тұрақты өсуді көрсететінін нық сеніммен айтуға болады. Мәселен, мысал ретінде мынаны хабарлаймын:

- 2011 жылмен салыстырғанда 2015 жылдың қорытындысы арқылы барлық қаржы-экономикалық көрсеткіштер бойынша біз тұрақты өсуді байқап отырымыз: таза пайда бойынша – 4 есе, EBITDA бойынша – 2,8 есе. Жұмыс жасау және логистика саласындағы «Кедентранссервис» АҚ құзыретінің кеңеюі, сондай-ақ көрсетілетін қызмет көлемінің ұлғаюы – ақшалай түсімнің «көшкін тәрізді» өсуін қамтамасыз етті, осылайша 5 жылдың ішінде бизнес ауқымы 4,5 есе ұлғайды.
- 2011 жылға қарағанда 2015 жылы Компания қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 5,6

пайызға өсті, қарастырылып отырған кезеңде еңбекақының орташа деңгейі 92%-ға өсіп, 180,35 мың теңгені құрады.

- 2011 жылмен салыстырғанда, 2015 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының әр-түрлі деңгейдегі бюджеттеріне төлемдер 2,2 есеге өсіп, 2,5 млрд. теңгені құрады. Соның ішінде осы кезеңде корпоративтік табыс салығы бойынша төлем 5,1 есеге артып, 1,47 млрд. теңгені құрады.
- Адал бәсекелестік пен отандық өндірушілерді қолдау мүдделеріне сай, соның ішінде, қазақстандық қамту деңгейін арттыру мақсатында, Компанияда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның Сатып алу ережелері негізінде – «Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі» арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда мынаны сеніммен айтуға болады: бірлескен күш жігердің арқасында және жобаны іске асырудың нәтижесінде «Кедентранссервис» АҚ терминалдық оператордан – қызметтердің кең ауқымын көрсететін көліктік-логистикалық компанияға түрленді, бұл – пайдалану және жүк жөнелту бойынша ақшалай түсім үлесінің ұлғайғанын байқатады.

Әрине, біздің барлық жетістіктеріміз – ең алдымен біздің Компания ұжымының еңбегі. Біз барлық қызметкерлердің Компания жетістігіне ортақтасуына, корпоративтік құндылықтарға өзінің қатыстылығын сезінуіне, өздерін үлкен және кәсіби команданың бір бөлігі ретінде мақтан етуіне талпынамыз.

Компанияда 5 жылдың ішінде үлкен икемділігімен, жоғары жетістіктер үшін жұмылдыру мүмкіндігімен, жалпы іске құштарлығымен және эмоциялық бейімділігімен, нәтижеге көзделушілігімен, жауапкершілік пен өзара құрметтің жоғары деңгейімен ерекшеленетін дұрыс корпоративтік мәдениет қалыптасты.

Мүмкін, бұл – бесжылдық біздің қызметіміздің ең маңызды нәтижелерінің бірі болар.

**Құрметпен,
ЕДІЛ ЫСҚАҚОВ
«КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ президенті**

The background image shows a long, dimly lit industrial corridor with a metal railing on the left and machinery on the right. A bright light source is visible at the far end of the corridor. A large orange diamond is superimposed over the center of the image, containing the number 1 and the text 'КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ'. The entire image is framed by light blue geometric shapes in the corners.

1

КОМПАНИЯ
ТУРАЛЫ

1.1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Компанияның негізгі қызмет түрлері – Қытайдан әкелінетін жүктерді Достық және Алтынкөл станцияларында қайта тиеу, оларды Қазақстанның барлық өңірлерінде және ірі қалаларында

орналасқан терминалдарда өңдеу, жүк жөнелту қызметтері, вагон парктерімен жұмыс жасау, жылжымалы жүк құрамымен жұмыс жасау және локомотивтерді жалға беру болып табылады.

Бүгінгі таңда «Кедентранссервис» АҚ дегеніміз – бұл:

1. ҚР-дың ірі сервистік-логистикалық компаниясы.
2. Көліктік-логистикалық қызмет көрсетудің толық кешені;
3. ҚХР-дан әкелінетін жүктерді Достық станциясының шекаралық өткелінде қайта тиеу бойынша көшбасшы;
4. Кең ауқымды клиенттік база;
5. Қаржылық тұрақтылық

Жылжымалы құрамды пайдалану – 4 824 фитингтік платформалар (орташа тәуліктік). Оның ішінде:

- 1) жалданатын – 4 527 бірлік (соның ішінде: Қаз-теміртранс – 3 836 бірлік; Қазтранссервис – 453 бірлік; ЛТЖ – 178 бірлік; Исткомтранс – 58 бірлік; ТрансКонтейнер – 2 бірлік);

- 2) ҚДТС – 297 бірлік.

Локомотивтерді жалға беру – магистральді локомотив Якутия ТЖ АҚ ААҚ-ға жалға берілген.

Жүктерді терминалдық өңдеу:

- 1) 18 терминал;
- 2) 80 шақырым меншікті кірме жолдар;
- 3) 90 бірлік жүк тиеу-түсіру техникасы.

Достық станциясында және Алтынкөл станциясында жүкті қайта тиеу:

- 1) 8 қайта тиеу орындары ұзақ мерзімді жалдау жағдайында;
- 2) 1 меншікті жүкті ауыстырып тиейтін орын;
- 3) 42 бірлік жүк тиеу-түсіру техникасы.

1.2. МИССИЯСЫ. МІНДЕТТЕРІ

Компанияның миссиясы «Клиенттердің кешенді көліктік-логистикалық қызметтерге деген қажеттіліктерін жоғары сапамен және барынша тиімділікпен қамтамасыз ету» ретінде анықталған.

Компанияның негізгі стратегиялық мақсаты – «Бизнес ауқымының өсуі есебінен капиталдандыруды ұлғайту және қызметінің тиімділігін арттыру» болып табылады.

Компаниямен таңдалған дамудың мақсатты бизнес-үлгісі – әмбебап кешенді логистикалық компания контейнерлік, үйінді және басты жүктер, соның ішінде ауыр салмақты және габаритті емес жүктер сегменттерінде логистикалық қызметтің барлық түрлерін көрсетуді тұспалдайды.

Компания бизнесінің түйіні бүкіл Еуразия континентінің аумағында жүк жөнелту және кешенді логистика қызметтерін қамтитын болады. Негізгі

сын-тегеуріндер талдауына сәйкес, дәл осы бағыттар Компания үшін барынша келешекті болып табылады.


Компанияның қоймалық және терминалдық бизнестері қоржында сақталады. Осы бағыттарды дамыту – нарықтың ағымдағы қажеттіліктеріне сәйкес келеді, Қазақстанның логистикалық қызметтер нарығындағы сұраныстың өсуі жағдайында сапалы қоймалық үй-жайлардың қатты жетіспеушілігі туындайды, бұл – жалгерлік мөлшерлемелердің өсуіне әкеледі.

Мақсатты бизнес-үлгінің тұрақтылығы көліктік және логистикалық активтерді иемденумен, бизнестің бағыттары арасындағы ымырамен, логистикалық бизнестің ұзақ мерзімді жағымдылығымен, кешенділік және кең географиялық қызмет есебінен клиенттердің жылы шырайлылығының артуымен қамтамасыз етіледі.



1.3. КОМПАНИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-сұлба



1.4. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР

«Кедентранссервис» АҚ-да екі еншілес кәсіпорын бар (1-кесте).

1-кесте. «Кедентранссервис» АҚ-ның еншілес кәсіпорындары

№	Еншілес кәсіпорын атауы	Жарғылық капитал	Компанияның қатысу үлесі
1	«Қазақстан көлік холдингі» ЖШС	18 295 876 тг.	100%
2	«Трансевразия» ЖАҚ	5 000 000 руб.	10%

«Қазақстан көлік холдингі» ЖШС

2005 жылғы 25 қаңтардағы Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС құрылды (әрі қарай – «ҚКХ» ЖШС).

«ҚКХ» ЖШС-нің дара қатысушысы «Кедентранссервис» АҚ болып табылады.

Жарғысына сәйкес «ҚКХ» ЖШС келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- бәсекелес кірме жолдар болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтпе жолдары үшін кірме жолдар ұсыну қызметтерін көрсетеді;
- бәсекелес кірме жолдар болмаған жағдайда, маневрлік жұмыстар, жүкті тиеу-түсіру, басқа да тасымалдау үдерісінің технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау үдерісінің технологиялық операцияларында қарастырылмаған жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну қызметтерін көрсетеді.

«Трансевразия» Акционерлік қоғамы

«Трансевразия» АҚ 2002 жылғы 5 қыркүйекте келесі заңды тұлғалармен құрылды:

- 250 қарапайым атаулы акцияларды иемденетін «РФ экспедиторлар қауымдастығы», бұл – жарғылық капиталдың 5%-ын құрайды;
- 1 750 қарапайым атаулы акцияларды иемденуші «ЕТРАНСА» АҚ, бұл – жарғылық капиталдың 35%-ын құрайды;
- 500 қарапайым атаулы акцияларды иемденуші Компания, бұл – жарғылық капиталдың 10%-ын құрайды;
- 1000 қарапайым атаулы акцияларды иемденуші «Газпромбанк-Инвест» ЖШҚ, бұл – жарғылық капиталдың 20%-ын құрайды;

- 1 500 қарапайым атаулы акцияларды иемденуші «Терминал Холдинг АГ» АҚ, бұл – жарғылық капиталдың 30%-ын құрайды.

«Трансевразия» АҚ келесідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- теңіз, өзен, теміржол, автомобиль, әуе көлігі түрлерімен жүктерді тасымалдауды ұйымдастырады;
- ресейлік және шетелдік жеке және заңды тұлғаларға көліктік-экспедиторлық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.



1.5. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР. ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ


«Кедентранссервис» АҚ Қазақстанның 14 өңірінде филиалдардың кең терминалдық желісіне және екі өкілдікке ие:

- Қытай Халық Республикасының Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданындағы өкілдік (Үрімші қ.);
- Өзбекстан Республикасындағы өкілдік (Ташкент қ.).

Компанияның терминалдар желісі Қазақстанның бүкіл аумағындағы 18 темір жол станцияларында орналасқан жүк бөлімшелерінен тұрады.

Бұл – вагондар мен контейнерлердегі өңделетін жүктердің көлемі бойынша Қазақстандағы ең ірі желі және «ҚТЖ ҰК» АҚ-ның станциялық желісінен кейінгі Қазақстанда көлемі бойынша екінші темір жол терминалдарының желісі.

2-сұлба







2

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

2.1. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

«Бизнес ауқымының өсуі есебінен капиталдан-дыруды ұлғайту және қызмет тиімділігін арт-тыру» Компанияның негізгі стратегиялық мақ-саты болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу – Компания қызметінің барлық аспектілерін қамтитын: «Қаржы»; «Кли-енттер»; «Активтер»; «Бизнес-үдерістер» және «Даму үдерістері» бес бағытының төменгі дең-гейдегі бағыныңқы мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуден құралады.

«Ағымдағы қызмет тиімділігін арттыру»; «Биз-нестің әлеуетін және өсуін ұлғайту»; «Бизнес құнының қаржылық емес құраушыларының тиімділігін арттыру» Компанияның «Қаржы» бағыты бойынша негізгі бағыныңқы мақсаттары болып табылады.

«Негізгі қызмет түрлері бойынша нарық үлесін ұлғайту»; «Көрсетілетін қызметтердің сапа-сын арттыру» және «Географиялық қатысуды кеңейту» Компанияның «Клиенттер» бағыты бойынша негізгі бағыныңқы мақсаттары болып табылады.

«Активтер» бағыты бойынша негізгі бағыныңқы мақсаттар: «Инфрақұрылымды жетілдіру»; «Тасымалдау активтерін жетілдіру» және «Кор-

поративтік активтерді жетілдіру» болып табы-лады.

«Бизнес-үдерістер» бағыты бойынша негізгі бағыныңқы мақсаттар: «Негізгі үдерістерді жетілдіру» және «Қамтамасыз ететін үдері-стерді жетілдіру» болып табылады.

«Даму-Үдерістері» бағыты бойынша негізгі бағыныңқы мақсаттар: «Жаңа қызметтерді дамыту»; «Негізгі қорларды дамыту» және «Ұйымдастырушылық дамыту» болып табы-лады.

Компаниямен таңдалған дамудың мақсатты бизнес-үлгісі – «Әмбебап кешенді логистикалық компания» – контейнерлік, үйінді және басты жүктер, соның ішінде ауыр салмақты және габаритті емес жүктер сегменттерінде логистикалық қызметтің барлық түрлерін көрсетуді тұспал-дайды.

Соңғы екі санат үлесінің ұлғаюы Компания опе-рациялары табыстылығының өсуіне алып келуі тиіс. Компания бизнесінің түйіні Еуразиялық континенттің барлық аумағында жүк жөнелту және кешенді логистика қызметтерін қамтитын болады. Негізгі сын-тегеуріндердің талдауына сәйкес, дәл осы бағыттар Компания үшін пер-спективті болып табылады.





2.2. «КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТЫ БАҒЫТТАРЫ

Компания қызметінің мақсатты бағыттары 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. «Кедентранссервис» АҚ қызметінің мақсатты бағыттары

Қызметтің мақсатты бағыттары	Қажетті активтер	Географиясы			Көлік түрі			
		Қазақстан	Кеден одағы және Орталық Азия	Қытай және Еуропа	ТЖ	Авто	Су	Әуе
Кешенді логистика	Сату кеңселері желісі			KTZ Express, Транс-контейнер				
Жүк жөнелту қызметтері								
Терминалдық-қоймалық қызметтер	Терминалдар (контейнерлік)			KTZ Express, Транс-контейнер				
	Терминалдар (үйінді, басты)							
Жүкті қайта тиеу (т/ж)	Жүкті қайта тиеу бойынша шекаралық терминалдар					X	X	X
ЖС пайдалану (тек т/ж үшін)	Фитингтік платформалар, контейнерлер					X	X	X
	Басқа жылжымалы құрам (вагондар)					X	X	X
Тасымалдау	Көлік құралдары							



Мақсатты үлгі



Әріптестік

Еуразия құрлығында «Кешенді логистика» бағытын дамытудың қажеттілігі нарықтағы кешенді логистикалық шешімдердің тапшылығымен байланысты болды. Бүгінгі таңда батыстың логистикалық компаниялары Қазақстан мен Орталық Азия нарықтарында аз өкілденген, сондықтан кешенді логистикалық қызметтерге деген қажеттілік – ұсыныстардан едәуір асып түседі. Таяу жылдары бұл бағыттың тартымдылығы арта түспек, өйткені Қазақстанда да, әлемде де ірі клиенттердің көлік-экспедиторлық қызметтерден кешенді логистикалық қызметтер мен шешімдерге қарай бағытталған эволюциялық дамуы байқалуда. Сондықтан, құзыреттердегі орын алып отырған алшақтыққа қарамастан, бұл үлгі Компанияның ішінде кем дегенде Қазақстан мен Орталық Азия нарықтарына арналған бағытты қалыптастыруды түспалдайды.

Компания қызметінің негізгі бағыттарына экспедиторлық қызметтерді енгізу және оларды Еуразияның жаһандық нарығында дамыту туралы шешім көбінесе жаһанданумен, халықаралық жүк айналымының өсуімен, сондай-ақ өзінің күш-жігерін барынша ықшамдауға талпына отырып агенттердің барынша аз санымен жұмыс істе-

уді қалайтын ірі компания-клиенттердің транзиттік, экспорттық, импорттық тасымалдарды жүзеге асыру қажеттілігімен байланысты болды. Еуропа елдері мен Қытайды қамтитын ауқымды географиялық кеңістікте экспедициялау қызметтерін дамыту – елеулі құзыреттерді немесе тәжірибелі логистикалық компаниялармен серіктестік қатынастарды қажет етеді, өйткені Еуропа елдері мен Азия елдерінің аумағында тасымалдарды жүзеге асыру әр-түрлі деңгейдегі көптеген аспектілер бойынша ерекшеленеді – елдердің заңнамаларындағы өзгешеліктерден бастап, Еуропада мен Ресейдегі және Қытайдағы теміржол табаны енінің әр-түрлі болуына дейін. Альянс құру немесе батыстың логистикалық компаниясын сатып алу нұсқалары қарастырылуы мүмкін.

Экспедиторлық бағытты іске асыру үшін өкілдіктер ашып, агенттік желіні кеңейту керек, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ мен «ТрансКонтейнер» ЖАҚ секілді серіктестердің және басқа серіктестердің мүмкіндіктерін пайдалану керек. Агенттік желіні құру – клиенттер географиясын кеңейтуге және халықаралық тасымалдардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Барлық агенттіктер мен клиенттік қызмет көрсету кеңселері

басқа елдердің аумағында меншікті контейнерлік платформалар мен вагондарды тиімді басқаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірыңғай IT-шешіммен біріктірілуі тиіс.

Компанияның қоймалық және терминалдық бизнестері қоржында сақталады. Бұл бағыттарды дамыту нарықтың ағымдағы қажеттіліктеріне сәйкес келеді – Қазақстанның логистикалық қызметтер нарығындағы сұраныстың өсуі жағдайында сапалы қоймалық үй-жайлардың қатты жетіспеушілігі туындайды, ал бұл – жалдау мөлшерлемелерінің өсуіне әкеледі.

Мақсатты бизнес-үлгінің тұрақтылығы көліктік және логистикалық активтерді иемденумен, бизнес бағыттарының арасындағы ымырамен, логистикалық бизнестің ұзақ мерзімді тартымдылығымен, қызметтердің кешенділігі мен ауқымды географиясы есебінен клиенттердің жылы шырайлылығын арттырумен қамтамасыз етіледі.

«Әмбебап кешенді логистикалық компания» бизнес-үлгісі – қарастырылып отырған үлгілердің арасындағы ең тартымды үлгі болып табылады, алайда оны іске асыру – Компанияда бірқатар елеулі өзгерістердің жүргізілуін тұспалдайды:

- Біріншіден, қолданыстағы бизнестің операциялық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету қажет: негізгі терминалдарды жаңғыртып, барлық операцияларды механикаландыру керек.
- Екіншіден, өкілдіктер ашу керек және жаңа логистикалық бағдарларды іздеу жөніндегі мәселені тыңғылықтау қажет.
- Үшіншіден, заманауи жылжымалы құрамды сатып алу қажет етіледі.

Осылайша, мақсатты бизнес-үлгіге сәйкес Компанияны дамыту – инфрақұрылымға, активтерге және құзыретке елеулі инвестициялар салуды қажет етеді.

Таңдалған мақсатты үлгіге сәйкес Компанияның даму стратегиясын іске асыруды үш кезеңмен орындау қажет:

1-кезең. Экспедитор, фитингтік платформалардың операторы және Қазақстандағы терминалдардың операторы.

Компания теміржол тасымалдары мен контейнерлік жүктерді экспедициялау саласында тұрақты жайғасымды иемденеді. Дамудың бірінші кезеңі барысындағы бизнестің түйіні контейнерлік жүктерді экспедициялауды, теміржол тасымалдарын (жылжымалы құраммен операция жасау) қамтиды. Дамудың бірінші кезеңіндегі жүктерді шекара маңындағы Достық және Алтынкөл станцияларында ауыстырып тиеу де терминалдық қызмет секілді негізгі бизнеске кіреді.

Активтер мен құзыреттерді дамыту бойынша бірінші кезең шаралары тиісті қызметтің операциялық тиімділігін арттыруда қамтыды.

Компанияның операциялық тиімділігін арттыру үшін, бірінші кезекте шығынды қызмет түрлерін оңтайландыру жөніндегі шараларды қолға алу қажет: локомотивтерді толығымен/ішінара сату және табыстылығы төмен терминалдарды жалға беру.

Локомотив паркі бойынша шешім қабылдау үшін Компания локомотивтерді пайдаланудың болжалды сценарийлерінің нәтижелерін есептеп шығарды (парктің бір бөлігін толығымен сату немесе жалға беру, я болмаса паркті локомотивтік тарту немесе тасымалдау қызметтерін көрсету үшін пайдалану – осы сценарий бойынша толығымен паркті пайдалануды бастаудың болжалды күніне қарай нұсқаларымен).

Компанияның терминалдық қызметін оңтайландыру үшін Компанияның Директорлар кеңесінде 2025 жылға дейінгі «Кедентранссервис» АҚ-ның терминалдық қызметін дамыту бағдарламасын бекіту қажет және оның шеңберінде негізгі терминалдардың даму кезеңдері анықталып, табыстылығы төмен терминалдарды жалға берудің нұсқалары ұсынылады.





3

НАРЫҚҚА ШОЛУ.
ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ
НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1. КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҒЫ

2015 жылы халықаралық контейнерлік тасымалдаудың көлемі 2,3%-ға, 175,2 млн. TEU-ға (20-футтық контейнер баламасы) дейін өсті, бұл – әлемдегі ең ірі кеме брокері Clarksons-тың есебінен алынған.

2014 жылмен салыстырғанда нарықтың өсу қарқыны екі еседен артық деңгейге қысқарды.

Транстынықмұхит бағытында тасымалдау көлемі шамамен алғанда өткен жылдың деңгейінде сақталып қалды, ал екінші аса маңызды нарық сегментінде – Азиядан Еуропаға тасымалдауларда – 3,7%-ға құлдырады. Кері динамика Еуропада импорттық тауарларға сұраныстың төмендеуімен, ТМД-дағы дағдарыспен және қорларды басқару сапасының жоғарылауымен

байланысты болды, бұлар қосымша тапсырыстар үлесінің төмендеуіне әкелді.

Азия аймағы ішінде контейнерлік тасымалдау нарығының өсу қарқыны 3%-ға дейін қысқарды, бұл – көбінесе Қытай мен өзге елдерде экономикалық өсудің бәсеңдеуімен түсіндіріледі.

Сондай-ақ сақталып отырған мұнайдың төмен бағасы жағдайында, экономикасы шикізат экспортына аса тәуелді дамушы елдерде импорттың көлемі қысқарды. Нәтижесінде, «солтүстік – оңтүстік» бағытындағы сервистерде 2015 жылы контейнерлік көлем 1,1%-ға өсті.

2015 жылы әлемдік теңіз саудасының контейнерлеу деңгейі 16% құрады.

3.2. ТЕМІР ЖОЛ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

3.2.1. Контейнерлік тасымалдау

Әлемдік саудада контейнерлік тасымалдау – ең үнемді және экологиялық таза болып табылатын жүк тасымалдаудың басым түрі. Соңғы жылдары Еуропаның негізгі халықаралық сауда бағыттарында контейнерлеу деңгейі 65%-ға жетті. Контейнерлік жүктерге қызмет көрсету мамандандырылған инфрақұрылымдық нысандарда, атап айтқанда контейнерлік терминалдарда, логистикалық орталықтарда, құрғақ порттарда жүзеге асырылады.

Қазақстанда контейнерлік тасымалдау нарығы транзиттік тасымалдауды кеңейту үшін өте маңызды болып табылады. Контейнерлеу деңгейінің өсуі транзиттік әлеуеттің дамуына және ел экономикасын индустриялық-инновациялық жаңғыртуға тәуелді болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында Орталық Азия елдері, Еуроодақ, Ресей және Беларусь, Қытай бағытында және Қытайдан контейнерлерді тасымалдау бағдарлық контейнерлік пойыздармен жүзеге асырылады – 42 тұрақты бағдар әрекет етеді.

2015 жылы жаңа бағдарлар іске қосылды, олардың ішінде – импорттық тасымалдау: Сиянь – Маңғышлақ, Ляньюнган – Алматы-1, Хэфэй – Қостанай, Үрімші – Қостанай.

ҚХР-дан Еуропаға транзиттік тасымалдар: Хэфэй – Гамбург, Ланчжоу – Гамбург, Чэнду – Достық – Нюрнберг; Еуропадан ҚХР-ға: Мадрид – Достық – Иву, Гамбург – Достық – Вухань, Котка – Достық – Корла, Лодзь – Чэнду, Гамбург – Достық – Ланчжоу, Дуйсбург – Достық – Корла, Дуйсбург – Достық – Чэнду, Кутно – Достық – Чэнду, осылар бойынша 7 мыңнан астам ЖФБ тасымалданды.

Сондай-ақ мынадай бағыттар іске қосылды: Ташкент – Достық – ҚХР, Сергели – Локоть – Находка, Формачево – Достық – Үрімші, Үрімші – Достық – Кресты, Үрімші – Достық – Хорвино, Үрімші – Достық – Кунцево, Үрімші – Достық – Купавна, Үрімші – Достық – Краснодар, Куйтунь – Достық – Тбилиси, Үрімші – Достық – Тбилиси, Иву – Достық – Болашақ – Тегеран, Үрімші – Гыпджак, Ляньюнгань – Достық – Ақтау порты.



2014 жылмен салыстырғанда контейнерлік пойыздар саны 1,7 еседен артық деңгейге өсті.

Қазақстанның темір жол инфрақұрылым жүйесіне әр-түрлі оператор-компаниялар кіреді: локомотивтер бойынша бірыңғай оператор, контейнерлік тасымалдар бойынша бірыңғай оператор, вагондар бойынша бірыңғай оператор және т. б.

Өз кезегінде «Кедентранссервис» АҚ да теміржол қызметтері нарығында вагондардағы және контейнерлердегі жүктерді терминалдық өңдеу бойынша оператор-компания ретінде орын алады. Компанияның қызметінің бұл секторы жүктерді тиеу, түсіру, вагондар мен контейнерлерде сақтау жөніндегі қызметтерді көрсететін бірнеше көліктік-логистикалық орталықтар мен көптеген кірме жолдарды (тұйықтарды) қамтамасыз етеді.

Қазақстанның ағымдағы көлік-логистика инфрақұрылымы бұрынғы Кеңес Одағының қолданыстағы көлік желілері базасында қалыптасты. Қосымша жекешелендіру үдерісі мен

мемлекеттік қаржыландыру барысында қойма үй-жайлары мен жүкті ауыстырып тиеу базалары жаңғыртылды.

Осы нарықта «Кедентранссервис» АҚ-ның бәсекелестік артықшылығы – бүкіл Қазақстан бойынша кең филиалдық желісінің болуы болып табылады. Жүктерді өңдеу 11 филиалда (16 жүк бөлімшелерінде) жүзеге асырылады. «Кедентранссервис» АҚ-ның жүкті терминалдық өңдеу көлемі Қазақстанның темір жолы бойынша жүктерді тасымалдау көлеміне байланысты.

Осылайша, 2015 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жалпы жүк тасымалдау көлемі 244 млн. тоннаны құрады, оның ішінде 29% – экспорттық, 58% – облысаралық, 7% – импорттық және 6% – транзиттік қатынаста.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы барлық қатынастарда темір жол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 10%-ға төмендеді, бұл – Қазақстанның ішіндегі, сондай-ақ онымен шекаралас мемлекеттердегі тасымалдаудың жалпы төмендеуімен түсіндіріледі (**3-кесте**).

3-кесте. Қатынас түрлері бөлігіндегі ҚР темір жолымен жүк тасымалдау көлемі, млн. тонна¹

Қатынас түрлері	2014 ж.	2015 ж.
Экспорт	86	71
Импорт	17	16
Транзит	16	14
ҚЗҚ ішінде	152	143
Барлығы	270	244

¹ «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ деректері бойынша.



3.2.2. Шекарамен шектес станцияларда жүкті қайта тиеу нарығы

А. Достық станциясы

Қазақстан аумағы бойынша трансазиялық темір жол екі көлік дәлізі арқылы: солтүстік және орталық арқылы жүреді, олардың екеуі де «ҚТЖ «ҰК» АҚ қарауындағы Достық және Алтынкөл станциялары арқылы өтеді.

Қазақстанның транзиттік-көліктік әлеуетінде Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік шекараларының тоғысында тұрған Достық станциясы – экономикалық маңызды нысан және трансконтиненттік бағыттар бойынша жүктерді тасымалдау барысында Азия мен Еуропа арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Достық станциясы – жүкті қайта тиеу орындары бірізділікпен орналасқан, бойлық үлгідегі сыныптан тыс станция болып табылады.

Ақтоғай – Мемлекеттік шекара бөлімшесінің 303–310 шақ. орналасқан.

Станция аумағының жалпы көлемі 126 мың ш. м құрайды.

«Кедентранссервис» АҚ әртүрлі үлгідегі жүктерді қайта тиеуге арналған, сегіз жүк ауыстырып тиейтін орынға иелік етеді, оның ішінде жүкті ауыстырып тиейтін орындар: ыдысты-дәналық жүктерді қайта тиеу; тез бүлінетін жүктерді қайта тиеу; ашық жылжымалы құрамдағы жүктерді қайта тиеу; жабық вагондардағы жүктерді қайта тиеу; ірі тоннажды контейнерлер, ауыр салмақты жүктер, доңғалақты техника және сусымалы жүктер үшін қайта тиеу орындары. Барлық қайта тиеу орындары тәулік бойы үздіксіз қайта тиеуді жүзеге асыру үшін қажетті техника санымен жабдықталған. Достық станциясының максималды жүк ауыстырып тиеу қуаты – тәулігіне 500-ден астам вагонды құрайды.

Қытай мен Батыс Еуропа арасында жүктердің 95%-ынан артық көлемі теңіз көлігімен тасымалданатынына қарамастан, кептелістердің ұлғаюы мен тасымалдау мерзімінің ұзаруы сыртқы экономикалық қызмет қатысушылары мен ғаламдық логистика саласын тауар жеткізудің жаңа бағыттарын іздеуге мәжбүрлейді.

Соңғы бірнеше жылдың ішінде Қазақстан арқылы өтетін құрлықтағы көпір (Достық станциясы) өзінің тұрақты дамуын растауда. Мәселен, 2015 жылы тұрақты кесте желісі бойынша Қытайдан Еуропаға 375 контейнерлік пойыз

ұйымдастырылды, бұл – 2014 жылға қарағанда 65% артық. Кері бағытта 202 контейнерлік пойыз ұйымдастырылды, ал өткен жылғы осындай кезеңде жалпы осындай 30 пойыз ұйымдастырылған болатын.

Жалпы 2015 жылы жалпы көлемі 55,5 мың ЖФБ болатын 648 транзиттік контейнерлік пойыз ұйымдастырылды.

Осы дәліздің әрі қарай даму әлеуеті бар, өйткені Қытайдың батыс аймақтары «GoWest» бағдарламасы шеңберінде дамиды және сауда мен тасымалдау көлемін ұлғайтуға ықпал етеді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанмен сыртқы сауда көлемі бойынша Қытай ЕО елдерінен кейін үшінші орынды иемденеді, бұл – 22,7 млрд. АҚШ долларын² немесе Қазақстанның барлық сыртқы сауда айналымының 17%-ын құрайды.

Достық станциясында қайта тиеу көлемі Қазақстан және Қытай секілді екі елдің темір жол әкімшіліктері басшыларының жыл сайынғы кездесуінде анықталатын, Қазақстан Республикасына жүктерді әкелу көлеміне байланысты (импорт + Қытайдан Қазақстанға транзит).

Мамандардың бағалауы бойынша, Қазақстан арқылы тасымалдаудағы Қытайдың қажеттілігі жылына 1,0 млн-нан 1,5 млн-ға дейінгі көлемдегі контейнерлерді құрайды.

Б. Алтынкөл станциясы

Алтынкөл станциясының ашылуы 2012 жылғы 22 желтоқсанда өтті. Жаңа станцияның ашылуына байланысты жүкті жөнелту және жүктерді алу бекеті арасындағы арақашықтықта айтарлықтай қысқару болды:

- 550 шақырымға –Қытайдан Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне және Орталық Азия елдеріне дейінгі арақашықтық (қолданыстағы Алашанькоу – Достық – Ақтоғай бағытымен салыстырғанда);
- 700 шақырымға – Актаудан Цзинхэге дейінгі арақашықтық;
- 1300 шақырымға – Парсы шығанағы және Қиыр Шығыс арасындағы бағыттар, Бафк – Мешхед жаңа темір жол желісін салу жобасымен Иранда өткізілген кешенде;

² ҚР ҰЭМ статистика жөніндегі комитеті




Орталық Азия және Ресей елдерімен Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азияны қосатын жаңа халықаралық дәліздің ашылуы болды.

Сонымен қатар, Алтынкөл станциясының ашылуынан кейін Орталық Азия және Оңтүстік Қазақстанға бағытталған көптеген жүктердің көлемдері сол арқылы тасымалданатын болды, осыған байланысты Достық станциясында көлемдер төмендей бастады.

Алтынкөл станциясында әрбірі жекеше мамандандырылған 3 жүкті ауыстырып тиеу орындары орналасқан:

- ыдысты-даналанған жүктерге арналған ангар;
- ірі габаритті алаң;
- контейнерлік терминал.

1-диаграмма. 2011–2015 жылдар аралығында Қазақстан және ҚХР-ның шекаралық өткелдерінде Достық және Алтынкөл станцияларында вагондарды қайта тиеу көлемі, мың тонна



Әрине, Компанияның негізгі міндеттердің бірі вагон паркін дамыту үшін алғышарттар жасайтын, Қазақстанның транзиттік әлеуетін жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан және ҚХР шекаралық темір жол өткелдерінде жүкті ауыстырып тиеу қызметін қайта жаңғырту және қуаттарын арттыру болып табылады.

2015 жылдың қорытындысы бойынша, Достық және Алтынкөл станцияларында вагондарда 1811 мың тонна және 150 мың ЖФБ контейнерлерде Қытайдан келетін жүк қайта тиелді, бұл, сәйкесінше, 2014 жылмен салыстырғанда 27%-ға төмен (**1, 2-диаграмма**).

2-диаграмма. 2011–2015 жылдар аралығында Қазақстан және ҚХР-ның шекаралық өткелдерде контейнерлерді қайта тиеу көлемі мың ЖФБ



3.2.3. Қазақстан жүктерін терминалдық өңдеу нарығы

Осы нарықта бәсекелестер алдында Компанияның артықшылығы бүкіл Қазақстан бойынша кең филиалдық желісінің болуы болып табылады. Компанияда жүктерді өңдеу 11 филиалдарда (16 жүк терминалдарында) жүзеге асырылады.


Компания терминалдарында 2015 жылы барлығы вагондарда 1 091 мың тонна және 42 мың ЖФБ контейнерлерде жүк өңделді, бұл, 2014 жылға қарағанда сәйкесінше, 14% жоғары және 33%-ға төмен (3, 4-диаграмма).

Вагондарда жүктерді терминалдық өңдеу бойынша Компанияның нарықтық үлесі 2014-2015 жылдар кезеңінде 3,3% деңгейінде сақталып қалды. Жеке терминалдар тарапынан бәсекелестіктің ұлғаюымен Компанияның бәсекеге қабілеттілігін сақтау өндірістік ресурстарды


жаңарту және көрсетілетін қызметтердің сұрыпталымын көбейту есебінен қамтамасыз етілді (доңғалақты техниканы және басқаларды тиеу/түсіру үшін аппарателдер құрылысы).

Контейнерлерді қайта өңдеу бойынша Компанияның нарықтық үлесі 2014-2015 жылдар кезеңінде 41% деңгейінде сақталып қалды. Контейнерлерді қайта өңдеу бойынша нарықтың төмендеуі 33%-ды құрайды. Нарық үлесін сақтау Компания терминалдарының бәсекеге қабілеттілігінің ұлғаюына негізделеді, оның ішінде «есіктен есікке дейін» қағидаты бойынша кешенді көлік және терминалдық қызмет көрсету есебінен сақталады (вагон, көлік-экспедиторлық қызметтер, автожеткізуді ұсыну) (4-кесте)

3-диаграмма. 2011–2015 жылдар аралығында вагондарда жүктерді қайта өңдеу көлемі, мың тонна



4-диаграмма. 2011–2015 жылдар аралығында контейнерлерді қайта өңдеу көлемі, мың ЖФБ



4-кесте. 2014–2015 жылдардағы вагондарды терминалды өңдеу бойынша ҚДТС үлесі, мың тонна

Атауы	2014 ж.	2015 ж.
Нарық, мың. тонна	41 734	41 148
ҚДТС, мың. тонна	1 323	1 364
Үлес, %	3,2	3,3



КДТС филиалдарында барлығы өңделді: ыдысты-даналанған жүктер – 400 мың тонна; ауыр салмақты жүктер – 361 мың тонна; үйінді жүктер – 603 мың тонна. Алматы қаласы және Алматы облысы филиалы ыдысты-даналанған жүктерді өңдеу бойынша көшбасшы болып табылады, оның күшімен 79 мың тонна немесе

20% өңделді; Астана қаласы және Ақмола облысы филиалы – ауыр салмақты және үйінді жүктерді өңдеу бойынша көшбасшы болып табылады, оның күшімен 72 мың тонна және 86 мың тонна, немесе 20% және 14% сәйкесінше өңделді (**5-кесте**).

5-кесте. 2014–2015 жылдардағы контейнерлерді терминалды өңдеу бойынша КДТС үлесі, мың. ЖФБ

Атауы	2014 ж.	2015 ж.
Нарық, мың. ЖФБ	154,4	103,1
КДТС, мың. ЖФБ	62,8	42,3
Үлес, %	41	41

Тұтастай алғанда, Компания терминалдары бойынша қойма үй-жайларының жабық және ашық алаңдарының жоғары толымдылығы байқалады (>70%). Астана, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент, Алматы-1, Алматы-2 қалалары бойынша терминалдарға қоймалық

аумақтарды кеңейту қажет етіледі. Семей және Талдықорған қалаларының терминалдары бойынша жағдай керісінше (<35%), қойма үй-жайларының айтарлықтай жоғары толымдылығы талап етіледі (**6-кесте**).


6-кесте. 2016 жылдың 6 айындағы қойма үй-жайларының толымдылығы

	Ашық алаңдардың жалпы ауданы, м²	Ашық алаңдардың толымдылығы, %	Қоймалардың жалпы ауданы, м²	Қоймалардың толымдылығы, %
Астана	234 904	28	2 690	85
Көкшетау	319 276	0	1 304	100
Атырау	22 200	100	3 442	13
Ақтау	13 000	0	422	66
Өскемен	135 566	6	1 807	70
Семей	437 465	6	3 233	0
Ақтөбе	5 280	100	5 615	100
Қарағанды	80 659	4	1 260	6
Қостанай	3 499	100	1 158	84
Павлодар	214 828	41	4 430	100
Қызылорда	29 859	100	573	57
Орал	89 900	95	6 344	16
Шымкент	148 992	100	2 400	100
Алматы-1	148 777	46	9 295	99
Алматы-2	95 954	100	1 901	100
Талдықорған	27 898	100	0	0

Жүктерді терминалдық өңдеу нарығында УСҚ қызмет көрсету нарық сараланымын жеке бөлуге болады.

Компанияда 2015 жылдың қорытындысы бойынша мына қалалар терминалдарында 9 УСҚ

жұмыс істеді: Ақтау, Өскемен, Орал, Ақтөбе, Қарағанды, Семей, Павлодар және Алматы (Алматы-1 және Алматы-2). Шымкент, Астана, Көкшетау, Талдықорған, Қызылорда және Атырау қалалары терминалдарындағы УСҚ жалға берілген.

5-диаграмма. 2015 жылғы УСҚ бойынша түсім құрылымы, млн. теңге

2015 жылдың қорытындысы бойынша, Ақтөбе және Қарағанды филиалдары УСҚ табыстылығымен алда келеді (5-диаграмма).

3.2.4. Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету нарығы

Көліктік-экспедиторлық қызметтер нарығын дамыту экспедиторлық ұйымдар клиенттері бар елдердің экономикасының және бизнестің іскерлік белсенділігінің даму деңгейіне тәуелді болады.

Қазақстанның экспедиторлық қызмет көрсету нарығы жоғары бәсекелі болып табылады және БКЛК, «ҚТЖ-Экспресс» АҚ, «МЭК Транссистема» ЖШС, «Транском» ЖШС, «Транко» ЖШС, «Богатырь Транс» ЖШС, «Фрахтсервис» ЖШС, «VERTEXTRANS» ЖШС және т. б. сияқты көптеген ірі ойыншылардың болуымен ерекшеленеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ деректеріне сәйкес, 2015 жылы темір жол көлігі бойынша қызметтер көрсету шарттар жасасқан, экспедиторлық компа-


ниялардың жалпы саны 600-ден астам бірлікті құрайды.

Қазақстанда барлық тасымалдардың 60%-ға жуығы отандық экспедиторлардың қатысуымен өтеді.

Қазақстан аумағында экспедиторлық компаниялардың осындай саны экспедиторлармен шарт жасасудың оңайлатылған талаптарымен түсіндіріледі.

2011–2015 жылдар аралығында контейнерлерді тасымалдау барысында көліктік-экспедиторлық қызметтер көлемі 12,6 есе ұлғайды және 101 мың ЖФБ құрады, Компанияның нарықтық үлесі аталған кезеңде 1,7-ден 22,6%-ға өсті (6-диаграмма).



6-диаграмма. 2011–2015 жылдар аралығында көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету көлемі және нарықтық үлесі, мың ЖФБ



2008 жылдан бастап, «Кедентранссервис» АҚ жүк жөнелту қызметін жүзеге асырады және бизнестің бұл бағыты компания қызметінің жаңа келешекті түрлеріне жатады.

«ТрансКонтейнер» ААҚ және «Кедентранссервис» АҚ бизнес-үдерістерін өзара біріктіру Қазақстан және Орталық Азия аумағында «ТрансКонтейнер» ААҚ-ның барлық тасымалын Компания сервисіне беруге мүмкіндік берді (**7-диаграмма**). Сәйкесінше, кешенді көліктік-логистикалық қызметтер көрсету регламенттері тапсырылды. Бұл Компанияға заманауи көліктік-логистикалық технологияларды енгізу арқасында мүмкін болды. 2016 жылы клиенттердің квеb-порталына қашықтықтан қатынасумен байланысты одан да ауқымды жоспарлары жүзеге асыру жоспарланып отыр, бұл сервис сапасын арттырады.

7-диаграмма. Жүктерді жөнелту бойынша Компанияның нарықтық үлесі



3.2.5 Жылжымалы құраммен жұмыс жасау

2015 жылғы 12 айға КДТС үлесі 47,1% құрайды (210,6 мың ЖФБ), 2014 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда 42,4 мың ЖФБ төмен.

«Транском» ЖШС (180 фитингтік платформалар), «Исткомтранссервис» АҚ (180 фитингтік платформалар) Қоғамның тікелей бәсекелестері болып табылады.

Автомобиль көлігі жағынан бәсекелестік көбінесе кіші және орта қашықтыққа (1000–1500 шақырым) ішкі тасымалдауларда туындайды.

Қытай – Еуропа ғаламдық транзиті үшін бәсекелестік күресте ең алдымен, жүк ағындары пайда болатын ең перспективалы аймақтар теңіз порттарына бейімді болатындықтан, сондай-ақ тасымалдау құны төмен болуына байланысты теңіз тасымалдаушылары негізгі бәсекелестер болып табылады.

Сонымен қатар, транзиттік тасымалдарда теміржол көлігі жүктерді жеткізудің неғұрлым қысқа және тұрақты мерзімдерімен тиімді өзгешеленеді.

3.3. 2015 ЖЫЛҒЫ 12 АЙДАҒЫ ТЭО-НЫҢ НЕГІЗГІ БӘСЕКЕЛЕСТЕРІ, ЖФБ

Ресей және Қазақстанда бейресми парк вагондарына жаппай көшуге байланысты және соның салдары ретінде фитингтік платформалардың жеке паркінің дамуымен, сондай-ақ 1520 жол нарығының ірі жеке меншік операторлары бәсекелестер болып табылады:

- **«А-Транс» ЖШҚ:** компанияның вагон паркі 4000 вагонды құрайды.
- **«Модуль» ЖШҚ:** 800 меншікті және 175 жалға алынған фитингтік платформалар паркін пайдаланады.
- **Фирма «Трансгарант» ЖШҚ:** 2 511-ден астам фитингтік платформалар паркін пайдаланады.

- **«Русская Тройка» ЖАҚ:** 1 475 платформалар паркін пайдаланады.
- **«Финтранс ГЛ» ЖШҚ:** 106 платформалар паркін пайдаланады.
- **«Спецтрансгарант» ЖШҚ:** 4 937 бірлікті құрайтын паркті пайдаланады, оның ішінде 3 174 танк-контейнерлер және 1 763 фитингтік платформалар.
- **Фирма «Рускон» ЖШҚ:** 1000-нан астам фитингтік платформалар паркін пайдаланады.





3.4. 2014–2015 ж. 12 айдағы «КЕДЕНТРАССЕРВИС» АҚ-НЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСІ

Төменде 2014–2015 жылдардағы 12 айда «Кедентрассервис» АҚ атқаратын нарық үлесі туралы куәландыратын деректер келтірілген (7-кесте)

7-кесте. 2014–2015 жылдардағы 12 айдағы «Кедентранссервис» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері бойынша нарықтық үлесі

Бөлім атауы	2015 ж. 12 ай.		Жоспардан ауытқу		2014 ж. 12 ай	Салыстыру 2014 жылмен	
	Жоспар	Факт	Абс.	%	Факт	Абс.	%
Достық және Алтынкөл станцияларында қайта тиеу							
Нарық, мың тонна	1 944	1 853	-90	-5	2 616	-763	-29
Вагондарды қайта тиеу, мың тонна	1 934	1 811	-123	-6	2 480	-669	-27
Үлес, %	99%	98%	-2%	-2	95%	2,9%	3
Нарық	168 963	157 213	-11 750	-7	215 187	-57 974	-27
Контейнерлерді қайта тиеу, ЖФБ	168 963	149 549	-19 414	-11	206 658	-57 109	-28
Үлес, %	100%	95%	-5%	-5	96%	-0,9%	-1
Достық станциясында қайта тиеу							
Нарық, мың тонна	1 842	1 713	-129	-7	2 513	-800	-32
Вагондарды қайта тиеу, мың тонна	1 842	1 688	-154	-8	2 410	-722	-30
Үлес, %	100%	99%	-1%	-1	96%	2,7%	2,8
Нарық	104 703	103 284	-1 419	-1	122 054	-18 770	-15
Контейнерлерді қайта тиеу, ЖФБ	104 703	103 284	-1 419	-1	116 059	-12 775	-11
Үлес, %	100%	100%	0%	0	95%	4,9%	5,2
Алтынкөл станциясында қайта тиеу							
Нарық, мың тонна	101	141	39	39	103	38	37
Вагондарды қайта тиеу, мың тонна	91	123	32	35	70	53	76
Үлес, %	90%	88%	-2%	-3	68,1%	19,4%	28,5
Нарық, ЖФБ	66 058	53 929	-12 129	-18	93 133	-39 204	-42
Контейнерлерді қайта тиеу, ЖФБ	64 260	46 265	-17 995	-28	90 598	-44 333	-48,9
Үлес, %	97%	86%	-11%	-12	97%	-11,5%	-11,8

Бөлім атауы	2015 ж. 12 ай.		Жоспардан ауытқу		2014 ж. 12 ай	Салыстыру 2014 жылмен	
	Жоспар	Факт	Абс.	%	Факт	Абс.	%
Локомотивтерді жалға беру							
Кезеңнің соңындағы локомотивтердің жұмыстық паркі (ҚФ Астана локомотивтерін есепке алмағанда)	14,0	14,0	0,00	0	14,0	0	0
Жалдағы локомотивтер саны	1,0	1,0	0,00	0	8	-7	-87
Жылжымалы құраммен жұмыс жасау							
Кезеңдегі жалға алынған вагондардың орташа саны, бірл.	4 836	4 824	-12	0	4 942	-118	-2
Нарық, ЖФБ	487 605	447 220	-40 385	-8	568 674	-121 454	-21
Пайдалану көлемі, ЖФБ	219 422	210 572	-8 850	-4	253 019	-42 447	-17
Үлес, %	45,0%	47,1%	2%	5	44,5%	2,59%	5,8
Көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету							
Вагондарды жөнелту бойынша қызметтер, бір.	6 054	5 083	-971	-16	5 719	-636	-11
Контейнерлерді жөнелту бойынша қызметтер бір.	70 664	56 504	-14 160	-20	62 089	-5 585	-9
Нарық, ЖФБ	491 161	447 220	-43 941	-9	568 674	-121 454	-21
Контейнерлерді жөнелту бойынша қызметтер ЖФБ	116 596	100 900	-15 696	-13	101 828	-928	-1
Үлес, %	23,7%	22,6%	-1%	-5	17,9%	4,7%	26
Нарық, мың тонна	250 703	244 264	-6 439	-3	270 916	-26 652	-10
ТЭН, мың тонна	200,56	175,0	-26	-13	197	-22	-11
Үлес, %	0,08%	0,072%	0%	-10	0,073%	0,00%	-1
Терминалдар қызметі							
КТК, ЖФБ нарығы	139 570	103 049	-36 521	-26	154 432	-51 383	-33
Қайта өңдеу + Сұрыптау КТК, ЖФБ	56 291	42 278	-14 013	-25	62 793	-20 515	-33
Үлес, %	40,3%	41,0%	1%	2	40,7%	0,37%	1
Вагондар нарығы, мың тонна	42 802	41 148	-1 654	-4	41 734	-586	-1
ГТ ҚДТС вагондарды қайта өңдеу, тыс.тонн	1 196	1 364	167	14	1 323	41	3
Үлес, %	2,8%	3,31%	1%	19	3,17%	0,14%	5



4

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

4.1. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

«Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы қаржылық қызметінің нәтижелері **8-кестеде** берілген.

8-кесте. «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы қаржылық нәтижелері, млн. теңге

Баптардың атауы	Іс жүз.	Жоспар	Ауытқу	
			Абс.	%
Жалпы ақшалай түсім	42 389	41 692	698	2
Тазартылған ақшалай түсім	30 186	28 223	1 963	7
Тазартылған шығындар (пайдаға салынатын салықтың ескерілуінсіз)	23 505	24 545	-1 040	-4
Сатудан түскен пайда	6 681	3 678	3 003	82
<i>Сатылымдардың тазартылған ақшалай түсімге қатысты табыстылығы</i>	<i>22%</i>	<i>13%</i>	<i>9%</i>	<i>x</i>
Салық салуға дейінгі пайда	6 681	3 678	3 003	82
Пайдаға салынатын салық	1 467	846	621	73
<i>Пайдаға салынатын салықтың тиімді мөлшерлемесі</i>	<i>22%</i>	<i>23%</i>	<i>-1%</i>	<i>x</i>
Таза пайда	5 214	2 832	2 382	84
<i>Пайданың тазартылған ақшалай түсімге қатысты табыстылығы</i>	<i>17,3%</i>	<i>10,0%</i>	<i>7,2%</i>	<i>x</i>
EBITDA	7 685	4 995	2 689	54
<i>EBITDA-ның тазартылған ақшалай түсімге қатысты табыстылығы</i>	<i>25,5%</i>	<i>17,7%</i>	<i>7,8%</i>	<i>x</i>

4.2. ЖАЛПЫ АҚШАЛАЙ ТҮСІМ


«Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша жалпы ақшалай түсім жоспармен салыстырғанда жалпы +2%-ға, немесе 698 млн. теңгеге өсті, бұл – жылжымалы мүлікпен операциялар жасау бойынша (жоспарға +6%, немесе +910 млн. теңге), локо-

мотивтерді жалдау бойынша жиынтық ақшалай түсімнің өсуімен түсіндіріледі – мұнда жиынтық ақшалай түсім жоспардан +14%-ға, немесе 7 млн. теңгеге, негізгі емес қызмет бойынша – 715 млн. теңгеге (**11-кесте**) асып түскен.

4.3. ТАЗАРТЫЛҒАН АҚШАЛАЙ ТҮСІМ

Тазартылған ақшалай түсім жоспармен салыстырғанда жалпы +7%-ға, немесе 1963 млн. теңгеге өскен. Тазартылған ақшалай түсімнің жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда өсуіне негізгі әсерді – операция жасау бойынша ақшалай түсімінің өсуі тигізді, ол +6%, немесе

жоспарға қатысты +910 млн. теңгені құрады, ТЭН бойынша жоспар +157%-ға, немесе +786 млн. теңгеге орындалды, локомотивтерді жалдау бойынша жоспар 14%-ға, немесе 7 млн. теңгеге асыра орындалды, негізгі қызмет бойынша асыра орындау 715 млн. теңгені құрады.





4.4. ТАЗАРТЫЛҒАН ШЫҒЫНДАР

Жоспармен салыстырғанда, пайдаға салынатын салықтың ескерілуінсіз тазартылған шығындардың төмендеуі – 4%-ды, немесе –1 040 млн. теңгені құрады. Жоспармен салыстырғанда және

2014 жылғы дерекпен салыстырғанда шығындардың өзгеруіне элементтер бойынша талдау 9–10 кестелерде көрсетілген.

9-кесте. Шығындар бюджетіне талдау (іс жүз.-жоспар)

Баптардың атауы	Іс жүз.	Жоспар	Ауытқу	
			Абс.	%
Негізгі қызметтен түскен табыс	42 389	41 692	698	2
<i>Негізгі қызмет бойынша тазартылған табыс</i>	30 186	28 223	1 963	7
Негізгі қызмет бойынша шығындар	37 175	38 860	-1 684	-4
<i>Негізгі қызмет бойынша тазартылған шығындар</i>	23 505	24 545	-1 040	-4
Еңбекақы төлеу қоры	3 501	3 722	-221	-6
Әлеуметтік салық пен аударымдар	360	368	-9	-2
Материалдар	1 013	1 221	-208	-17
Отын	93	112	-18	-17
Электр энергиясы	113	124	-11	-9
НҚ мен МЕА тозуы	912	1 188	-276	-23
Жұмыстар мен қызметтердің ақысын төлеу	8 572	8 734	-162	-2
Өзгелері (жалдау, іссапарлық шығындар, консалтинг)	8 481	8 631	-150	-2
Салықтар	341	316	25	8
Қаржы шығындары	92	129	-37	-29
Өзге табыс	0	0	0	0
Өзге шығын	27	0	27	0
Пайдаға салынатын салық	1 467	846	621	73
Бірлесіп орындаушылардың қызметтері	12 203	13 468	-1 265	-9
Таза пайда	5 214	2 832	2 382	84

10-кесте. 2015–2014 жылдардағы шығындар динамикасы.-

Баптардың атауы	2015 ж.	2014 ж.	Ауытқу	
			Абс.	%
Негізгі қызметтен түскен табыс	42 389	44 767	-2 378	-5
<i>Негізгі қызмет бойынша тазартылған табыс</i>	30 186	31 096	-910	-3
Негізгі қызмет бойынша шығындар	37 175	41 795	-4 619	-11
<i>Негізгі қызмет бойынша тазартылған шығындар</i>	23 505	27 260	-3 755	-14
Еңбекақы төлеу қоры	3 501	3 779	-279	-7
Әлеуметтік салық пен аударымдар	360	371	-11	-3
Материалдар	1 013	1 307	-294	-23
Отын	93	118	-25	-21
Электр энергиясы	113	105	8	8
НҚ мен МЕА тозуы	912	894	18	2

Баптардың атауы	2015 ж.	2014 ж.	Ауытқу	
			Абс.	%
Жұмыстар мен қызметтердің ақысын төлеу	8 572	9 630	-1 058	-11
Өзгелері (жалдау, іссапарлық шығындар, консалтинг)	8 481	10 578	-2 097	-20
Салықтар	341	393	-51	-13
Қаржы шығындары	92	84	7	9
Өзге табыс	0	0	0	0
Өзге шығын	26,61	0,34	26,27	-
Пайдаға салынатын салық	1 467	863	604	70
Бірлесіп орындаушылардың қызметтері	12 203	13 672	-1 468	-11
Таза пайда	5 214	2 973	2 241	75

4.5. ТАЗА ПАЙДА. EBITDA

Таза пайда бойынша жоспар 84%-ға, немесе 2 382 млн. теңгеге асыра орындалды, жоспарлы көрсеткішпен салыстырғанда таза пайда бойынша табыстылық 7,2%-ға өсті.

EBITDA 54%-ға, немесе 2 689 млн. теңгеге өсті, EBITDA бойынша табыстылық жоспарлы көрсеткішке қатысты 7,8%-ға ұлғайды.

EBITDA бойынша табыстылықтың +7,8%-ға өсуі – ақшалай түсімнің өсуімен (+7%-ға) және операциялық шығындардың (пайдаға салынатын салықтың, қарыздардың, амортизацияның төленуін ескерместен) қысқаруымен (-4%-ға) байланысты болды.

11-кесте. Жалпы ақшалай түсім (іс жүз.-жоспар), млн. теңге

Баптардың атауы	Іс жүз.	Жоспар	Ауытқу	
			Абс.	%
Артық жүктеме	8 958	9 197	-239	-3
Терминалдардың қызметі, соның ішінде:	2 054	2 270	-216	-10
Көлік-экспедиторлық қызмет көрсету	13 491	13 969	-479	-3
Жылжымалы құраммен жұмыс жасау	16 930	16 020	910	6
Локомотивтерді жалдау	55	48	7	14
Негізгі емес қызмет	903	188	715	381
Жалпы ақшалай түсім	42 389	41 692	698	2
соның ішінде: бірлесіп орындаушылардың қызметтері	12 203	13 468	-1 265	-9
Тазартылған ақшалай түсім	30 186	28 223	1 963	7
Таза пайда	5 214	2 832	2 382	84

Тазартылған ақшалай түсім жоспармен салыстырғанда 7%-ға, немесе 1 963 млн. теңгеге өсті. Тазартылған ақшалай түсімнің жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда өсуіне негізгі әсерді – операция жасау бойынша ақшалай түсімінің өсуі тигізді, ол +6%, немесе жоспарға қатысты 910 млн. теңгені құрады, ТЭН бойынша өсім +157%, немесе 786 млн. теңге болды,

негізгі қызмет бойынша асыра орындау 715 млн. теңгені құрады – мұндай өсім бағамның елеулі өзгерулерінен, теңгенің АҚШ долларына қатысты жалпы төмендеуінен орын алды. Локомотивтерді жалдау бойынша жоспарды 14%-ға, немесе 7 млн. теңгеге асыра орындау байқалуда.



Бұл ретте артық жүктеме бойынша жоспардан 2,6%-ға, немесе 239 млн. теңгеге төмендеу – контейнерлерді (11%-ға) және вагондарды (6%-ға) қайта өңдеу көлемдерінің қысқаруымен туындады. Терминалдардың қызметі бойынша

ақшалай түсімнің жоспардан 10%-ға, немесе 216 млн. теңгеге төмендеуі – контейнерлер бойынша көлемдердің ЖФБ-да 25%-ға қысқаруымен айланысты орын алды.

4.6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2015 жылы «Кедентранссервис» АҚ-да шамамен 1,5 млрд. теңге сомаға 63 жоба іске асырылды, бұл – 2014 жылғымен салыстырғанда 3 есе аз. Бұл – 2014 жылы шамамен 2,7 млрд. теңге қаражатты вагон паркін ұлғайтуға бағыттаумен байланысты болды.

2015 жылы күрделі салымдардың негізгі көлемі терминалдық инфрақұрылымды жаңғыртуға, атап айтқанда, кіреберіс жолдар мен бағыттама аударғылардың күрделі жөндеулеріне, контейнер алаңшаларын қайта құруға, крандар мен тиегіштерді және автотехниканы сатып алуға бағытталды (12-кесте).

12-кесте. 2015 жылдың қорытындылары бойынша инвестициялық қызмет.

Рет. №	Санат	2015 ж.
1	Локомотивтерді күрделі жөндеу	0
2	Машиналар мен жабдықтарды күрделі жөндеу	0
3	Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу	360 073
4	Машиналар мен жабдықтардың орнын алмастыру	140 133
5	Жаңғырту және жаңа техника	463 500
6	Ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру және жаңадан салу	379 281
7	Автоматтандыру және ақпараттандыру	139 835
8	Өзге жобалар (арнайы техника, жиһаз және т. б.)	10 418
9	Вагондар	0
Жиыны		1 493 240





The background of the cover is a sepia-toned photograph of a railway signal on a track. The signal is a vertical post with two circular lights, the top one of which is illuminated. The tracks recede into the distance under a sky with overhead power lines. This image is partially covered by large, diagonal geometric shapes: a light blue triangle in the top right, a darker blue triangle in the bottom right, and a large orange diamond in the center. The text is centered within the orange diamond.

5

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Кедентранссервис» АҚ қызметінің стратегиялық бағыттарының бірі – корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Қоғам мынадай негізге сүйенеді: тиімді корпоративтік басқару – Қоғамды капиталдандырудың тұрақты өсуіне, корпоративтік жанжалдардың туындау ықтималдығының төмендеуіне, Компанияның инвесторлар үшін тартымдылығының артуына, сондай-ақ беделіне оң әсер жасалуына негіз қалаушы шарт болып табылады.

Корпоративтік басқарудың мақсаты – Компанияның тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын арттыру, акционерлердің құқықтарының қорғалуы мен мүдделерінің іске асырылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару қағидаттарының енгізілуіне үлкен назар аударады. 2014 жылы Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

Қоғам акционерлердің, Компания менеджментінің және мүдделі тұлғалардың мүдделерінің теңгерімін орнатуға талпынуда, бұл ретте Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік баспалдақтың келесідей бірнеше деңгейінің өзара әрекеттестігін қамтиды:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы,
- 2) Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің комитеттері,
- 3) Қоғамның атқарушы органы – Басқарма.

Қоғамдағы корпоративтік басқару келесі негізгі қағидаттарға негізделеді:

1. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
2. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның Компанияны тиімді басқаруының қағидаты;
3. Компанияның қызметі туралы ақпараттың айқындылығы мен әділдігі қағидаттары;
4. Заңдылық және этика қағидаты;
5. Тиімді дивидендтік саясат қағидаты;
6. Тиімді кадр саясаты қағидаты;
7. Қоршаған отаны қорғау қағидаты;
8. Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты;
9. Жауапкершілік қағидаты.

5.1. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияда 2 (екі) акционер тіркелген:

1. Helme's Operation UK Limited компаниясы, «Кедентранссервис» АҚ-ның дауыс беретін акцияларының 46,9%-ын иемденеді;
2. Logistic System Management B.V. компаниясы, «Кедентранссервис» АҚ-ның дауыс беретін акцияларының 53,1%-ын иемденеді.

Өз кезегінде, LSM компаниясының 50%-дық үлестерін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Трансконтейнер» ЖАҚ иемденеді.

Компания акционерлерінің құқықтары мен міндеттері Компанияның Жарғысында және Ком-

панияның Корпоративтік басқару кодексінде анықталған.

Компанияда Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау, өткізу және қорытындыларын жасау тәртібі сақтаалды. Акционерлермен өзара әрекеттесу, Директорлар кеңесінің жұмысын қолдау – Қоғамның корпоративтік хатшысымен қамтамасыз етіледі.



5.2. ДИВИДЕНДТЕР

Қоғамның дивидендтік саясаты келесі қағидаларға негізделеді:

- таза пайда болған жағдайда Қоғам жыл сайын осындай пайданың бір бөлігін дивидендтер төлеуге жұмсайды, ал Қоғамның иелігіндегі қалған пайданы көбінесе Қоғамның инвестициялық бағдарламасын орындау үшін және келесі кезеңде төленуі тиіс болатын Қоғамның қаржы міндеттемелерін өтеу үшін пайдаланады;
- Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделерінің теңгерімін сақтау;
- Қоғамды және оның инвестициялық тартымдылығын арттыруға талпыну;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және корпоративтік мінез-құлықтың үздік тәжірибесімен көзделген акционерлердің құқықтарын сақтау;
- дивидендтердің көлемін анықтау және оларды төлеу рәсімдерінің айқындылығы.

Дивидендтер «Кедентранссервис» АҚ Дивидендтік саясат туралы қағидасымен белгіленген мерзімдерде – Акционерлердің жалпы жиналысы оларды төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 90 күнтізбелік күннен кешіктірместен төленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылатын дивидендтердің көлемін Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің қаржылық нәтижелері негізінде анықтайды. Бұл ретте, дивидендтер түрінде төленуі тиіс болатын Қоғамның шоғырландырылған таза пайдасы үлесінің мақсаттық

деңгейі (қаржы салымдарын қайта бағалаудан түзілген табысты ескерместен) – Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспары мен Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсынымдарына қарай, Қоғамның шоғырландырылған таза пайдасының 50%-ынан кем емес және 70%-ынан артық емес мән болып табылады.

Акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін негізгі құжаттар:

1. «Кедентранссервис» АҚ Жарғысы;
2. «Кедентранссервис» АҚ Корпоративтік басқару кодексі;
3. «Кедентранссервис» Іскерлік этика кодексі;
4. «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидасы;
5. Аудит жөніндегі комитет туралы қағида;
6. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет туралы қағида;
7. Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы қағида;
8. Президент туралы қағида;
9. «Кедентранссервис» АҚ Ақпаратты ашу туралы қағидасы;
10. «Кедентранссервис» мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясат;
11. «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар дайындау және ұсыну регламенті;
12. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау және өткізу тәртібі туралы қағида;
13. «Кедентранссервис» АҚ Дивидендтік саясат туралы қағидасы.

5.3. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы жоғарғы басқару органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі «ТрансКонтейнер» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу туралы қағидасымен регламенттелген. 2015 жылы акционерлердің үш Жалпы жиналысы өткізіліп, онда 11 мәселе қаралды.

5.4. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық басқару ісіне, оның ұзақ мерзімді тұрақты дамуына жауапты болады. Директорлар кеңесі Қоғамның пайымын, миссиясын, стратегиялық мақсаттарын және Қоғамның қызметі тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтайды.

Директорлар кеңесінің құзыреті Қоғамның Жарғысында анықталған және Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайтын Қоғамның атқарушы басқару органдарының құзыретімен нақты межеленген.

Директорлар кеңесінің аса маңызды функцияларының бірі – тиімді атқарушы органдарды құру және олардың қызметін бақылауды қамтамасыз ету болып табылады. Директорлар кеңесі атқарушы органдардың қызметіне тиімді бақылау жасай отырып, Қоғамның бизнес-жоспарларының орындалуы мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізілуін тұрақты негізде бақылап отырады. Директорлар кеңесінің құзыретіне атқарушы органдарды сайлау, олардың өкілеттіктерін тоқтату, атқарушы органдардың мүшелерімен еңбек шарттарының талаптарын анықтау және оларды уәждеу жатады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару саясатын бекітеді, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді бақсару саясатын анықтау барысында Директорлар кеңесі Қоғамның тәуекелдері мен табыстылығының арасындағы қисынды теңгерімге қол жеткізуге талпынады. Директорлар кеңесі Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесі мен жүйесінің жетілдірілуіне жауапты болады, корпоративтік басқаруды жетілдіру бағдарламаларын бекітеді. Директорлар кеңесі Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіне, оның корпоративтік мәдениеті мен бизнес-этикасын қалыптастыруға жауапты болады.

Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қайшылығын қадағалайды және мүмкіндігінше жояды, соның ішінде – Қоғамның меншігін құқыққа қайшы пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау барысында теріс

пайдаланушылықты қоса алғанда, сондай-ақ Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жасайды.

Басқарма мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметінің негізгі қағидаттары кәсіпқойлық, парасаттылық, сақтық, шыншылдық және адалдық болып табылады.

2015 жылдың ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі 15 отырыс өткізді. Отырыстарда 104 мәселе қаралды.

2015 жылы Директорлар кеңесімен қаралған негізгі мәселелер:

- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ қызметінің жылжымалы құраммен жұмыс жасау жөніндегі қызметінің талдауы назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2014 жылғы 3-ші, 4-ші тоқсандарындағы және 2015 жылғы 1-ші, 3-ші тоқсандарындағы тәуекелдер тізілімінің сыни тәуекелдер туралы есептері бекітіліп, назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ Акциялар шығарылымы аңдатпасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін іс-шаралар тізіліміне өзгертулер және оларды іске асыру мерзімдері бекітілді;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылға арналған инвестициялық бюджетінің түзетілімі бекітілді;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2014 жылғы қызметінің қорытындылары назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның жылжымайтын мүлік нысандарын мемлекеттік тіркеу мен төлқұжаттаудың барысы туралы есеп назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы шешімдерінің орындалуы туралы есеп назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2015 жылғы 9 айдағы қызметінің нәтижелері туралы есеп бекітілді;
- «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі, стратегиялық жоспарлау жөніндегі және кадрлар, сый-



ақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттерінің қызметінің нәтижелері туралы есептер назарға алынды;

- басшылықтың, Ішкі аудит қызметі бастығының және Корпоративтік хатшының 2015 жылғы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің тізімдері бекітілді;
- «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС-нің 2014 жылғы жылдық қаржы есептемесі бекітілді;
- «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС-нің 2014 жылғы таза табысын бөлу туралы шешім қабылданды;
- «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС Бас директорын сайлау туралы шешім қабылданды;
- «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС Байқау кеңесі мүшелерін қайта сайлау туралы шешім қабылданды;
- «Кедентранссервис» АҚ-дағы Жанжалдар қайшылығын реттеу жөніндегі саясат бекітілді;
- «Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы» ЗТБ-ге, «Алматы әуендері» Мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнына, «Астана қаласы Өнер академиясы» ЖШС-ге демеушілік жәрдем көрсету туралы шешімдер қабылданды;
- 2015 жылғы қаржы есептемесіне аудит жасау бойынша аудиторлық компания анықталды;
- 2015 жылғы қаржы есептемесіне аудит жасау бойынша аудиторлық компанияның қызметтерін төлеу құнының көлемі анықталды;
- «Кедентранссервис» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданды;
- «Кедентранссервис» АҚ Жарғысына өзгертулер бекітілді;
- «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғаларды сайлау туралы шешім қабылданды:
 - Алпысбаев К.К.;
 - Баскаков П.В.;
 - Марков В.Н.;
 - Рахимбеков А.Н.;
 - Құрманов Ж.Е. (тәуелсіз директор);
 - Дружинин А.А. (тәуелсіз директор);
- «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің мерзімі анықталды;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның лауазымды тұлғаларының 2014 жылғы әрекеттеріне акционерлердің жүгінулерінің болмауы туралы ақпарат назарға алынды;
- Қоғам Президенті мен Директорлар кеңесі мүшелерінің 2014 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынды;
- «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы етіп Алпысбаев Қанат

Қалиевичті сайлау туралы шешім қабылданды;

- «Кедентранссервис» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына дейінгі кезеңге арналған Жұмыс жоспары бекітілді;
- келесілердің сандық құрамы анықталды:
 - 1) Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 6 адам құрамымен;
 - 2) Аудит жөніндегі комитеттің 5 адам құрамымен;
 - 3) Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің 4 адам құрамымен.
- «Кедентранссервис» АҚ-ның Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына келесілерді сайлау туралы шешім қабылданды:
 - Лопатин Антон Викторович;
 - Цветков Дмитрий Александрович;
 - Жемчугов Андрей Сергеевич;
 - Сұлтанов Арман Тұрлыханович;
 - Мадиева Сәуле Едимтаевна;
 - Бекмағамбетов Мұрат Маратович;
- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы етіп Антон Викторович Лопатинді сайлау туралы шешім қабылданды;
- «Кедентранссервис» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің құрамына келесілерді сайлау туралы шешім қабылданды:
 - Дружинин Алексей Александрович;
 - Калмыков Константин Сергеевич;
 - Устинова Елена Владимировна;
 - Станкова Елена Борисовна;
 - Бимахимова Раушан Сембековна;
- Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы етіп Алексей Александрович Дружининді сайлау туралы шешім қабылданды;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамына келесілерді сайлау туралы шешім қабылданды:
 - Құрманов Жолдасбек Есенбаевич;
 - Исмаилова Сәния Көшкінбаевна;
 - Гончаров Михаил Робертович;
 - Строкова Елена Юрьевна;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы етіп Жолдасбек Есенбайұлы Құрмановты сайлау туралы шешім қабылданды;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы шоғырландырылған есеп бекітілді;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылға арналған бюджетінің түзетілімі бекітілді;

- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы 1-жарты жылдықта жасалған сатып алулар бойынша есеп назарға алынды;
 - «Кедентранссервис» АҚ-ның 2016–2018 жылдарға арналған бюджеті бекітілді;
 - «Кедентранссервис» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясы мен «Кедентранссервис» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Достық станциясындағы Жүкті ауыстырып тиеу қызметін дамыту бағдарламасын әзірлеу барысы туралы ақпарат назарға алынды;
 - «Кедентранссервис» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2016 жылға арналған бюджеті бекітілді, соның ішінде «Кедентранссервис» АҚ-ның Аудит жөніндегі комитетінің; Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің; Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің бюджеттерін қоса алғанда;
 - «Кедентранссервис» АҚ басшылығына сыйлықақы беру туралы қағидаға өзгертулер бекітілді;
 - «Кедентранссервис» АҚ-ның әкімшілік-басқару қызметкерлеріне сыйлықақы беру туралы қағидаға өзгертулер бекітілді;
 - 2016 жылға арналған «Кедентранссервис» АҚ-ның Ішкі аудит қызметінің басшысы мен Корпоративтік хатшысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің тізімі бекітілді;
 - «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары бекітілді;
 - «Кедентранссервис» АҚ Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу туралы қағидаға, «Кедентранссервис» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу туралы қағидаға, «Кедентранссервис» АҚ Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу туралы қағидаға өзгертулер мен толықтырулар бекітілді;
 - «Кедентранссервис» АҚ-ның қызметтік құпиясын құрайтын ақпараттың тізімі бекітілді.
- Компанияның Жарғысына сәйкес, Директорлар кеңесінің құрамы 6 адаммен анықталды. Олардың арасындағы екеуі – тәуелсіз директор.





5.4.1. Директорлар кеңесінің құрылымы

Төраға:



АЛПЫСБАЕВ

Қанат Қалиұлы

– «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ логистика жөніндегі вице-президенті

Мүшелері:



БАСКАКОВ

Петр Васильевич

– «ТрансКонтейнер»
ЖАҚ бас директоры



МАРКОВ

Виктор Николаевич

– «ТрансКонтейнер»
ЖАҚ құқықтық мәселе-
лер және мүлікті
басқару жөніндегі
директоры



**РАХЫМБЕКОВ Асқар
Нуриденович**



– «Қазақстан темір
жолы» ҰК» АҚ актив-
терді басқару депар-
таментінің директоры



РЕЗЕР

Семён Моисеевич

– «Гильдия экспе-
диторов» КЕС (РФ)
президенті, **2015**
жылғы 29 мамырға
дейін ҚДТС ДК мүшесі



Қоғам қызметінің аса маңызды мәселелерін алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесі Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетті, Аудит жөніндегі комитетті және Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетті құрды. Комитеттер Директорлар кеңесімен қаралатын мәселелерді алдын ала тыңғылықтауда елеулі рөл атқарады.

2015 жылы Директорлар кеңесімен қаралған мәселелердің 70%-ынан артық бөлігі комитеттердің алдын ала қарауынан өткен.

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің мүшелері Комитеттердің атқарымдық мәселелері бойынша қажетті тәжірибе мен біліктілікті иемденеді.



ЮРЬЕВ
Юрий Васильевич
– «ТрансКонтейнер»
ЖАҚ стратегиялық
даму жөніндегі
департаментінің
директоры, **2015**
жылғы 29 мамырға
дейін ҚДТС ДК мүшесі




ҚҰРМАНОВ Жол-
дасбек Есенбаевич
– «Дала Транс» ЖШС
бас директоры



РЫМЖАНОВА
Жанар Бағдатовна
– «РЖД» ЖАҚ Прези-
дентінің кеңесшісі,
«Проектный офис
ОТЛК» ЖШҚ бас
директоры, **2015**
жылғы 29 мамырға
дейін ҚДТС ДК мүшесі



ДРУЖИНИН
Алексей Алексан-
дрович
– «Рустранском»
ЖШҚ вице-прези-
денті, **2015 жылғы 29**
мамырға дейін ҚДТС
ДК мүшесі.





5.4.2. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің негізгі функциялары келесілер болып табылады: Компания дамуының басымдықты бағыттары бойынша ұсыныстар қалыптастыру; Компанияның стратегиясын әзірлеуге қатысу; Компания стратегиясын іске асыру бағдарламасын талдау және бағалау; Компанияның бекітілген стратегиясын түзету бойынша ұсыныстар дайындау; Компания стратегиясының орындалуына бақылау жасау; Компания бюджеттерінің жобаларын талдау.

2015 жылдың ішінде Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 8 отырысы өткізіліп, олардың барысында 21 мәселе қаралды. Отырыстардың басым бөлігі бетпе-бет нысанда өткізілді.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетпен қаралған негізгі мәселелер:

- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015–2017 жылдарға арналған бюджетінің жобасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ бюджетін қалыптастыру және орындалуын бақылау регламентіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2014 жылғы 9 айдағы қызметінің қорытындыларын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның жылжымалы құраммен жұмыс жасау жөніндегі қызметінің талдауын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылға арналған инвестициялық бюджетінің түзетілімін қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2014 жылғы қызметінің қорытындыларын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2014 жылғы таза табысын бөлу тәртібі туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2014 жылғы акциялар бойынша дивидендтері туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2015 жылғы 1-ші тоқсандағы қызметінің қорытындыларын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 2015–2016 жылдардағы корпоративтік жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы қызметінің нәтижелері туралы есеп;
- 17,5 бірлік көлеміндегі жұмыс істемейтін локомотив паркін сатудың бірінші кезеңі;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылға арналған бюджетінің түзетілімін қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2016–2018 жылдарға арналған бюджетін қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясын және «Кедентранссервис» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі Достық станциясындағы Жүкті ауыстырып тиеу қызметін дамыту бағдарламасын әзірлеу барысы туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 2016 жылға арналған бюджетінің жобасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ мен оның еншілес ұйымының 2015 жылғы 9 айдағы қызметінің нәтижелері туралы есеп;
- «Кедентранссервис» АҚ филиалдар желісінің ұйымдық құрылымын қайта құру;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі Терминалдық желіні дамыту бағдарламасын қарау туралы.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы:

Төраға:

1. Лопатин Антон Викторович – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Мүшелері:

2. Терекұлов Ержан Айтжанович – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ стратегиялық жоспарлау және ұйымдық даму департаментінің директоры, 2015 жылғы 26 маусымға дейін СЖК мүшесі;
3. Сұлтанов Арман Тұрлыханович – «НК «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ логистика жөніндегі басқарушы директоры, 2015 жылғы 26 маусымға дейін СЖК мүшесі;
4. Бекмағамбетов Мұрат Маратович – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ стратегиялық жоспарлау және ұйымдық даму департаментінің директоры;
5. Жемчугов Андрей Сергеевич – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ қор нарығы және инвесторлармен жұмыс жасау жөніндегі директоры;
6. Цветков Дмитрий Александрович – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ стратегиялық даму бөлімінің бастығы;
7. Алиев Жасұлан Аблаевич – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ стратегиялық жоспарлау және ұйымдық даму департаментінің бас менеджері, 2015 жылғы 26 маусымға дейін СЖК мүшесі;
8. Мадиева Сәуле Едимтаевна – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ операциялық және

қаржы қызметін жоспарлау департаментінің бас менеджері, 2015 жылғы 26 маусымнан бастап 6 қазанға дейін СЖК мүшесі;

9. Нүрпеісова Айгүл Құрмантаевна – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ опера-

циялық және қаржы қызметін жоспарлау департаментінің бас менеджері, 2015 жылғы 2 желтоқсаннан бастап СЖК мүшесі.

5.4.3. Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңеснің сыртқы аудитормен, Ішкі аудит қызметімен тиімді өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың кандидатурасы бойынша ұсынымдар дайындайды, сыртқы аудитормен қаржы есептемесіне аудит жасау бойынша жұмысты және аудит жүргізудің нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды талқылайды, сыртқы аудитордың көрсететін қызметтерінің сапасын және оның аудиторлық тәуелсіздік талаптарын орындауын бақылайды, сыртқы аудитордың ұсынымдарына талдау жасайды, Компанияның қаржы есептемесін жасау бойынша ұсынымдар әзірлейді, Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалайды, есеп саясатына өзгертулер енгізілуін бастама етіп көтереді және ішкі бақылау рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындайды, Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің басшысы кандидатурасын ұсынады, Ішкі аудит қызметінің жұмысының тиімділігін бағалайды, Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіндегі бұзушылықтардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.

2015 жылдың ішінде 8 отырыс өткізіліп, онда 43 мәселе қаралды. Отырыстардың басым бөлігі бетпе-бет нысанда өткізілді.

Аудит жөніндегі комитетте қаралған негізгі мәселелер:

- «Кедентранссервис» АҚ-ның жылжымайтын нысандарын мемлекеттік тіркеудің барысы туралы ақпарат;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2013 жылғы жылдық қаржы есептемесіне жүргізілген аудиттің қорытындылары бойынша сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша есеп;
- Ревизия жүргізу барысында анықталған бұзушылықтарды жою барысында жүргізілген жүйелік іс-шаралардың тиімділігін бағалау;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы Қағидасының жаңа редакциядағы жобасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің Кәсіби этика кодексінің жобасын қарау;

- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі ережелерінің жобасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жылдық шоғырландырылған қаржы есептемесін қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2014 жылғы қаржы есептемесіне жүргізілген аудиттің нәтижелері туралы аудиторлық компанияның есебі;
- 2015 жылғы қаржы есептемесіне аудит жүргізу бойынша аудиторлық компанияның қызметтерін төлеу құнының көлемін анықтау туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2014 жылғы атқарған жұмыстары туралы есеп;
- «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС-ның 2014 жылғы жылдық қаржы есептемесін қарау;
- Ішкі аудит қызметі басшысының тиімділігінің 2015 жылға арналған негізгі көрсеткіштері тізімін қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің 2015–2016 жылдардағы корпоративтік жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- 2014 жылдың қорытындылары бойынша сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау;
- 2014 жылдағы қаржы есептемесіне жүргізілген аудиттің қорытындылары бойынша сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы аралық есепті қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы 2-тоқсанға арналған тәуекелдер тізілімінің сыни тәуекелдері туралы есепті қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Сыртқы аудит қызметінің 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы атқарған жұмысы туралы есеп;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін аралық шоғырландырылған қаржы есептемесін қарау;
- 2014 жылдағы және 2015 жылдың 1-ші жарты жылдығындағы қаржы есептемесіне жүргізілген аудиттің қорытындылары бойынша сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындау



жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есеп;

- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы жасалған сатып алулары бойынша есепті қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы атқарған жұмысы туралы есеп;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2013-2014 жылдардағы және 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және тексеру жөніндегі комиссияның жеке құрамын қарау және келісу;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2015 жылғы 3-ші тоқсандағы сыни тәуекелдер жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есепті қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит жөніндегі қызметінің 2015 жылғы 3-ші тоқсандағы атқарған жұмысы туралы есепті қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің 2016 жылға арналған бюджетінің жосбасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2016 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарау;
- 2016 жылға арналған «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері тізімін қарау;

- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2013-2014 жылдардағы және 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы қаржы-шаруашылық қызметін тексерудің нәтижелері туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2013-2014 жылдар кезеңіндегі және 2015 жылғы 1-ші жарты жылдықтағы қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізудің нәтижелерін қарау туралы;
- «Қазақстан көлік холдингі» ЖШС-нің жаңа редакциядағы Есеп саясатын қарау туралы.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы:

Төраға:

1. Резер Семён Моисеевич – «Гильдия экспедиторов» КЕС (РФ) президенті, 2015 жылғы 29 мамырға дейін АҚ төрағасы;
2. Дружинин Алексей Александрович – «Рустранском» ЖШҚ вице-президенті, 2015 жылғы 26 маусымнан бастап АҚ төрағасы.

Мүшелері:

3. Калмыков Константин Сергеевич – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ бас бухгалтері;
4. Устинова Елена Владимировна – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ Ішкі аудит қызметінің бастығы;
5. Бимахимова Раушан Сембековна – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бухгалтерлік есеп департаментінің директоры;
6. Станкова Елена Борисовна – «НК «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бухгалтерлік есеп департаментінің бас менеджері.



5.4.4. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Қоғамды басқаруға білікті мамандарды тартуға бағытталған, Қоғамның басқару органдарына кандидаттар іріктеу жөніндегі Қоғамның саясаты мен стандарттарының мәселелері бойынша ұсынымдар дайындайды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Қоғамдағы сыйақылардың айқын, тиімді және негізделген саясаты мен тәжірибесін қалыптастыруда, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің, атқарушы органдарының және өзге негізгі басқарушы қызметкерлерінің жұмысының тиімділігімен және кәсіби құрамымен байланысты және кадрлық жоспарлауды жүзеге асырумен байланысты мәселелерде негізгі рөл атқарады.

2015 жылдың ішінде 7 отырыс өткізіліп, онда 25 мәселе қаралды. Отырыстардың басым бөлігі бетпе-бет нысанда өткізілді.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінде қаралған негізгі мәселелер:

- Корпоративтік хатшының аппараты мен Ішкі аудит қызметіне сыйлықақы мен еңбекақы төлеу туралы қағиданың жаңа редакциядағы жобасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 2015–2016 жылдардағы корпоративтік жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- «Кедентранссервис» АҚ Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 2016 жылға арналған бюджетінің жобасын қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ басшылығына сыйақы төлеу туралы қағидаға өзгертулерді қарау;
- «Кедентранссервис» АҚ әкімшілік-басқару қызметкерлеріне сыйақы беру туралы қағидаға өзгертулерді қарау;

- 2016 жылға арналған «Кедентранссервис» АҚ-ның Корпоративтік хатшысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің тізімін қарау туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу туралы қағидаға, «Кедентранссервис» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу туралы қағидаға, «Кедентранссервис» АҚ Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу туралы қағидаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ-ның 2016–2018 жылдарға арналған Кадр саясатының жобасын қарау туралы;
- «Кедентранссервис» АҚ қызметкерлерінің еңбекақысын реттейтін жергілікті актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы;
- 2016 жылға арналған «Кедентранссервис» АҚ жоғары басшылығының негізгі көрсеткіштерінің тізімін қарау 2016 г.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

Төраға:

1. Құрманов Жолдасбек Есенбаевич – «Дала Транс» ЖШС бас директоры;

Мүшелері:

2. Гончаров Михаил Робертович – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ экономика жөніндегі директоры;
3. Строкова Елена Юрьевна – «ТрансКонтейнер» ЖАҚ еңбек пен жалақыны нормалау бөлімінің бастығы;
4. Исмаилова Сәния Көшкінбаевна – «НК «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қызметкерлерді басқару жөніндегі департаментінің директоры.





5.5. БАСҚАРМА

«Кедентранссервис» АҚ-ның атқарушы органы Басқарма болып табылады, ол Қоғамды басқаруда негізгі рөл атқарады және келесіні қамтамасыз етеді:

- Қоғамның Директорлар кеңесі анықтаған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- Қоғам қызметінің бағдарламалары мен келешектік жоспарларын іске асыру;
- Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындау;
- тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру және жұмыс жасауын қолдау;

- Қоғамның қызметкерлерін басқару, жұмыскерлерін уәждеу және келешектік кадрлық жоспарлау;
- Қоғамның филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметін басқару.

Басқармаға басшылық етуді Қоғамның Президенті жүзеге асырады, ол Басқарма Төрағасы болып табылады.

Қоғамның басқармасы 2015 жылғы қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейінгі кезеңде Басқарманың жеті мүшесінен тұрады.

Басқарманың құрамы (31.12.2015 жылғы жағдай бойынша):



ИСКАКОВ Э.Б.
Басқарма Төрағасы



МЫРЗАЛИЕВ М.Т.
экономика және қаржы жөніндегі вице-президенттің міндетін атқарушы



СУКМАНОВ Ю.В.
вице-президент



КУЛАКОВ Е.Р.
өндіріс жөніндегі вице-президент



АБДИРОВ А.Т.
бас инженер



МУҚАНОВ Г.К.
сатып алулар жөніндегі атқарушы директор



ОРАЗАЛИН Н.Ж.
құқықтық және мүліктік қатынастар жөніндегі атқарушы директор.

2015 жылы Басқарманың 19 отырысы өткізіліп, онда 193 мәселе қаралды.

Басқарма Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмыс жоспарларын,

Қоғам менеджментінің ұсыныстарын ескере отырып, 6 айға арналған бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізеді.

5.6. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қоғамда құрылған ішкі бақылау жүйесі жалпыға ортақ халықаралық стандарттарға негізделген.

Директорлар кеңесі Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс жасауы мен тиімділігіне тұрақты негізде бақылау жасайды. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі мен атқарушы органдарға тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін талдау мен бағалаудың жүйелі және бірізді тәсілдемесі арқылы Қоғамды басқарудың тиімділігін арттыруда және оның қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіруде жәрдем көрсету мақсатында құрылған.

Өзінің жұмысы барысында Қызмет дербестік және әділдік қағидаларын, сондай-ақ «Кедентранссервис» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы

